

Хабарландыру

«Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ «Талғар ауданы, Кендалы а/о,Смыкова көшесі №24,49,49 а,53,59 үй, көппәтерлі үйлерді жылумен жабдықтауға арналған газбен жұмыс істейтін автономды блокты-модульді қазандық салу» жұмыс жобасы бойынша 04.03.2024ж.-12.03.2024ж. аралығында Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдау нысанында қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Бас жобалау ұйымы: Бас жобалау ұйымы: «ПСК АЛЬФА» ЖШС
Қоршаған ортаны қорғау бөлімін әзірлеуші: «ABC Engineering» ЖШС
Бірыңғай экологиялық портал сайтында өз ескертулеріңізді, ұсыныстарыңызды және сұрақтарыңызды қоюға болады: <https://ecportal.kz/>

Объявление

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекций Талгарского района» объявляет, что с 04.03.2024г. по 12.03.2024г. на Едином экологическом портале будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Строительство автономной блочно-модульной котельной на газе для теплоснабжения многоквартирных домов с. Кендала, ул.Смыкова, дома №24,49,49а,53,59, Кендалиинского с/о, Талгарского района».

Генеральная проектная организация: ТОО «ПСК АЛЬФА»
Разработчик РООС: ТОО «ABC Engineering»
Высказать свои замечания, предложения и задать вопросы можно на сайте единого экологического портала: <https://ecportal.kz/>

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы

Қаңтар айында Алматы облысы ХҚКО-лар арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы алуға 17 -ден астам өтініш қабылдады. Қауіпті өндірістердегі жұмысшыларды қолдауға арналған бұл құрал Қазақстанда алғаш рет 2024 жылы енгізілген. Бір айдың қорытындысы бойынша республикалық бюджеттен өтінім бергендерге 2 миллион теңгеден астам төленді.

Арнаулы әлеуметтік жәрдемақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі есе мөлшеріндегі арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыдан, сақтандыру ұйымдарының төлемдерінен, жұмыс берушілердің төлемдерінен, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен және Бірыңғай зейнетақы қорынан төленетін төлемдерден тұрады.

Жәрдемақы 55 жастан асқан адамдарға беріледі және зейнеткерлік жасқа дейін жалғасады. Аталмыш жәрдемақыны тағайындау үшін қызметкер БЖЗҚ-да 7 жылдан кем емес мерзімде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жинақтаған болуы керек және ол зиянды жағдайларда жұмысын тоқтатқан, жұмыстан шыққан немесе жеңіл жұмысқа ауысқан болуы шарт.

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға өтінішті ХҚКО-дан тапсыруға болады. Сондай-ақ, қазақстандықтарға жәрдемақы проактивті форматта да тағайындалады – егер телефонға 1414 нөмірінен тиісті ұсыныс түссе, хабарламаға келісімдерін берулері керек.

Алматы облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының баспасөз қызметі

Специальное профессиональное государственное пособие

В январе ЦОНЫ Алматинской области приняли более 17 заявлений на назначение специальных профессиональных государственных пособий. Этот инструмент поддержки работников вредных производств впервые введен в Казахстане в 2024 году. Из республиканского бюджета за месяц заявителям уже выплачено свыше 2 миллионов тенге.

Специальное профессиональное госпособие в размере двух прожиточных минимумов – часть специальной социальной выплаты, которая также состоит из выплат страховых компаний, выплат –работодателей и выплат из ЕНПФ за счёт обязательных профессиональных пенсионных взносов.

Пособия назначаются людям от 55 лет и продолжают до наступления пенсионного возраста. Необходимые условия – у работника в ЕНПФ должны быть накоплены обязательные профессиональные пенсионные взносы не менее чем за 7 лет, и он уже прекратил трудиться во вредных условиях – уволился или перевёлся на лёгкую работу.

Заявление на назначение специального профессионального государственного пособия можно подать лично в ЦОНе. Также казахстанцам назначают пособие в проактивном формате – если на телефон приходит соответствующее предложение с номера 1414, на него надо ответить согласием.

Пресс-служба филиала Госкорпорации «Правительство для граждан» по Алматинской области



«ALATAU ZHULDZY» ГАЗЕТИ

Меншік иесі – «Alatau zhuldyzy» ЖШС

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде

05.05.2023 жылы тіркеліп,

№KZ78VPY00069629 күзлігі берілген.

Газет мемлекеттік және ресми тілдерде шығады.

ДИРЕКТОР –
Хакима КАЛИЕВА

БАС РЕДАКТОР –
Сәуле ҚҰРМАНТАЕВА

Тілшілер:

Эмирхан БАУЫРЖАНҰЛЫ,

Альбина ӨНЕРБАЕВА,

Зорагүл ӘБДІҚАДІР.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Талғар қаласы, Т. Рысқұлов көшесі, №73, 3 қабат

Хабарландыру, жарнама: 8 777 181 4939

Инстаграм: @alataunewskz

e-mail: news@alatauzhuldyzy.kz

Бас есепші:

Ғалия ҚАЙЫҢБАЕВА

Көркемдеуші-дизайнер:

ДАРЫН МАҚСАТҰАЛЫ

Газет аптасына 1 рет, жұма күні жарық көреді.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

● Авторлар қолжазбасы кері қайтарылмайды.

● Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

● Көлемі (14 шрифт) үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабыданбайды

● «Alatau zhuldyzy» газетінде жарияланған материалдар мен фотосуреттерді

көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынатын, газетке

сілтеме жасау міндетті.

«Alatau zhuldyzy» газеті ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

НӨМІРДІҢ ТАРАЛЫМЫ – 1200 дана

Тапсырыс –9

«Alatau zhuldyzy» газетінің жазылу индексі:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15540

Жеке жазушылар үшін – 65540

Газет «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылады. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй

Тілшілердің нөмірі:

8-701-724-67-88,

8-747-481-16-37.

Көкжөтел

Көкжөтел – ұстамалы жөтелмен көрініс беретін, тыныс алу жүйесінің қауіпті жұқпалы ауруы.

Берілу жолдары- Жұқпа наукаспен тығыз қарым-қатынас болғанда ауа-тамшы жолы арқылы беріледі. Наукас, аурудың белгілері пайда болған күннен бастап және әрі қарай аурудың нағыз өршіген сәтінен 30 күн аралығында сыртқы ортаға жұқпаны таратып, қауіпті болады.

Ананың антиденелерімен байланысты туа біткен иммунитет қалыптаспайды. Наукаспен қатынаста болған, екпе алмаған адамның жұқпаны жұқтыру мүмкіндігі 90% құрайды. 2 жасқа дейінгі балалар үшін өте қауіпті.

Ағзада қандай өзгерістер болады? Көкжөтел бактериясы тыныс алу жолдарының шырышты қабатын тітіркендіретін арнайы токсин бөледі. Нәтижесінде көк ет пен бронхтардың (бронхоспазм) бұлшық еті тарылып, ұстамалы жөтел дамиды.

Аурудың көріністері: Жасырын кезеңі 2 күннен 14 күнге дейін созылады (көбінесе 5-7 күн). Әрі қарай дімкәстікпен, азғана жөтелмен, мұрыннан су ағумен, дене қызуының субфебрильді (38С дейін) көтерілуімен сипатталады. Біртіндеп жөтел күшейіп, 2-ші аптаның соңында жөтелдің ұстамалары басталады. Ұстама кезінде баланың беті көгеріп, мойын тамырлары кеңейіп, көздеріне қан құйылып, тілі аузынан шығып, тілдің жүгені жиі жарақаттанады, сонымен қатар тұншығу дамып, тыныс алу тоқтап қалуы мүмкін. Сырқаттың ауырлығына қарай ұстама тәулігіне 5 тен 50-ге дейін болуы ықтимал.

Асқынулары- көкжөтелдің ауыр түрі ұзақ уақытқа созылатын оттегінің жеткіліксіздігіне, бас миы және жүрек бұлшық еттерінің қан айналымының бұзылысына алып келуі мүмкін. Көкжөтел тыныс алу жолдары арқылы пайда болатын пневмониямен және басқа аурулармен асқынуы мүмкін. Сирек жағдайда өте күшті жөтелден туындайтын ауыр асқынулар болады (миға қан құйылу, дабыл жарғағының жарылуы және т.б.).

Алдын алу-Көкжөтелдің алдын-алудағы жалғыз тиімді жолы - вакцинация. Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес, көкжөтелге қарсы вакцинация 2, 3, 4, 18 ай және 6 жаста жүргізіледі.

Көкжөтелге қарсы вакцинаны шығарылғанға дейін бұл ауру балалар арасында өлімге әкелуден бірінші орында болды. Ал, вакцина кеңінен қолданыста болған уақыттан бастап (1960 жылдардың басында), көкжөтелден болған балалар өлімі 45 есеге азайған. Сонымен қатар әлемде, бүгінгі күннің өзінде балалар бұл инфекциядан көз жұмуда. Бірақ, статистикалық мәліметтерге сәйкес, олардың басым көпшілігі вакцинацияланбаған балалар.

Құрметті ата-аналар, балалардың денсаулығы өз қолыңызда. Жұқпаға қарсы иммундау өте маңызды екендігін ескеріңіздер!

Оспанова Н.С.
Дәрігер эпидемиолог

Жер сілкінісі кезінде қалай әрекет ету керек?

- Құжаттарды, ақшаны және бірінші кезекте қажетті заттарды алып, ғимараттан тез шығыңыз. Үйден шығарда жедел сатымен емес баспалдақпен түсіңіз. Далаға шығысымен, онда қалыңыз, бірақ ғимараттардың жанында тұрмаңыз, ашық кеңістікке өтіңіз.

- Тыныштықты сақтаңыз және басқаларды тыныштандыруға тырысыңыз! Егер сіз үй-жайда амалсыз қалған болсаңыз, онда қауіпсіз жерде тұрыңыз: ішкі қабырғада, бұрышта, ішкі қабырға ойығында немесе тіректе. Егер мүмкін болса, үстел астына тығылыңыз – ол сізді құлайтын заттар мен сынықтардан қорғайды. Терезеден және ауыр жиһаздан алыс ұстаныңыз. Егер балалар сізбен бірге болса -оларды өзіңізбен жабыңыз. Егер сіз адамдар жаппай баратын жерлерде болсаңыз, өзіңізді тыныш ұстаныңыз, үрей туғызбаңыз, шығуға асықпаңыз және адамдардың қозғалу жолында тұғындар жасамаңыз, ауру адамдар мен мүгедектерге көмектесіңіз.

- Шамдарды, сіріңкелерді, оттықтарды пайдаланбаңыз – газ шыққан кезде өрт болуы мүмкін. Салбырап тұрған қылтималардан алыс ұстаныңыз, карниздерден, парпеттерден, үзілген сымдардан қауіптеніңіз. Егер сіз автокөлікте болсаңыз, ашық жерде болыңыз, бірақ жер ділпуі тоқтағанша автомобильден шықпаңыз. Басқа адамдарды құтқару кезінде көмек көрсетуге дайын болыңыз.

Талғар ауданының ТЖБ

Объявление

ТОО «G Profservice» БИН:220340027285 объявляет о своем закрытии с 23 февраля 2024 года. Все претензии принимаются в течение месяца со дня публикации по телефону: 8 707 821 5904 или по адресу: почтовый индекс 041626, РК Алматинская область, Талгарский район, село Туздыбастау, улица Абылай хан, дом 15

Тілшілердің нөмірі:

8-701-724-67-88,

8-747-481-16-37.